

## Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен қаражат бөлу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 9 қазан N 1098

Қазақстан Республикасының Қоршаған ортаны қорғау министрлігін қайта ұйымдастыруға және жекелеген мемлекеттік органдарды орналастыруға байланысты Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Қоршаған ортаны қорғау министрлігіне 2002 жылға арналған республикалық бюджетте табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жоюға және өзге де күтпеген шығыстарға көзделген Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен Астана қаласында Қазақстан Республикасының Қоршаған ортаны қорғау министрлігін орналастыруға байланысты іс-шараларды жүргізуге 61460400 (алпыс бір миллион төрт жүз алпыс мың төрт жүз) теңге сомасында қаражат бөлінсе, оның ішінде:

қызметкерлерге жұмыстан шығу жәрдемақысын төлеу - 2954700 теңге;  
министрліктің орталық аппаратының жабдықтары мен мүлкін тасымалдау - 1240000 теңге;

министрліктің орталық аппаратының ғимаратына ағымдағы жөндеу және қайта жаңарту жүргізу - 56863900 теңге;

министрлікке офистік жиһазды сатып алу - 401800 теңге.

2. Қазақстан Республикасының Қоршаған ортаны қорғау министрлігі осы қаулының 1-тармағында көрсетілген іс-шараларды 2002 жылғы 15 қарашаға дейінгі мерзімде жүргізуді қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі белгіленген тәртіппен бөлінген қаражаттың мақсатты пайдаланылуын бақылауды қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Мамандар:

Багарова Ж.А.,

Қасымбеков Б.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК